



18/1-6 31.03.2025



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С. Сейтжанова
2025 ж.

**«ОҚМА» АҚ ПОСТДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Е 479-2025

Күні	Көшірмесі	Басылым
		Екінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		Е 479-2025
«ОҚМА» АҚ постдокторантурасы туралы ереже		2-ші басылым 10 беттің 2 беті

1. «ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңес шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Тексеру жиілігі – 3 жыл

O'NTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		Е 479-2025
«ОҚМА» АҚ постдокторантурасы туралы ереже		2-ші басылым 10 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
2. БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	4
3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
4. ПОСТДОКТОРАНТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	5
5. КОНКУРСҚА ӨТІНІМ БЕРУ ПРОЦЕСІ	6
6. ПОСТДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	6
7. ПОСТДОКТОРАНТУРА БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР	7

OŇTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		Е 479-2025
«ОҚМА» АҚ постдокторантурасы туралы ереже		2-ші басылым 10 беттің 4 беті

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 27.07.2007ж. №319-III Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен),
- "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 18.02.2011ж. №407-IV Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен),
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылы 31 наурыздағы № 126 бұйрығы «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы»,
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 6 қарашадағы № 563 бұйрығы «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы»,
- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында берілген мемлекет Басшысының тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары, 27.05.2020 жылғы №20 тармақ,
- "Жас ғалым" жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландырудың конкурстық құжаттамасы,
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ басқа да ішкі нормативтік құжаттары.

2. БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта мынадай белгілер мен қысқартулар қолданылады:

- ҚР – Қазақстан Республикасы,
- ҒД – Ғылым департаменті,
- ПЖЖЖ – Постдокторанттың жеке жұмыс жоспары,
- ҒЖБМ – Ғылым және жоғары білім министрлігі,
- ҒЗЖ – Ғылыми-зерттеу жұмысы,
- ҰҒК – Ұлттық ғылыми кеңес,
- ЖЖОКБҰ – Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары,
- «ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы,
- ҒЖДЖМБ – Ғылыми жұмыс, докторантура және магистратура басқармасы,

OŇTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		Е 479-2025
«ОҚМА» АҚ постдокторантурасы туралы ереже		2-ші басылым 10 беттің 5 беті

ҒжЖБССҚК – Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті,

ҰМҒТСО – Ұлттық Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың орталығы,

ЖТН – жеке тіркеу нөмірі,

Постдокторантура – «ОҚМА» АҚ-ның ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру шеңберінде ғылыми-зерттеу қызметін жалғастыру үшін ғылыми қызметкерлерді тарту бағдарламасы,

Постдокторант – ғылыми қызметті жалғастыратын ғалым.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) постдокторантурасы туралы осы Ережесі «ОҚМА» АҚ ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру шеңберінде ғылыми ұжымдар құрамында докторлық диссертация тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу қызметін жалғастыру үшін ғылыми қызметкерлерді конкурстық негізде тарту бағдарламасы ретінде түсініледі.

3.2. Постдокторант – қызмет көрсету шарты немесе постдокторантурадан өту кезеңінде белгілі бір жұмыстарды орындауға арналған еңбек шарты жасалатын конкурстың жеңімпазы.

3.3. Ереже «ОҚМА» АҚ постдокторанттарын даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік ғылыми бағдарламаларын іске асырудың міндетті талаптары мен тәртібін және постдокторантураға қабылдау тәртібін айқындайды.

3.4. Постдокторантураның мақсаты «ОҚМА» АҚ-ға конкурстық негізде білім мен ғылымды практикамен біріктіруге бағытталған ғылыми тақырыптар мен жобалар бойынша перспективалық ғылыми зерттеулер жүргізу үшін талантты жас ғалымдарды тарту болып табылады.

3.5. Постдокторантураны іске асыруға қаржыландыру жас ғалымдардың шығыстарын қаржыландыру үшін бөлінетін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі гранттарының негізінде жүзеге асырылады.

3.6. Постдокторантура бағдарламасы постдокторанттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмысын, аралық және қорытынды есепті қамтиды. Докторантурадан кейінгі бағдарламалардың іске асырылуын кафедралар қамтамасыз етеді. Докторантурадан кейінгі талаптардың орындалуын үйлестіру мен бақылауды магистратура және докторантура секторы жүзеге асырады.

4. ПОСТДОКТОРАНТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1. Қазақстан Республикасы азаматтығының болуы.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		Е 479-2025
«ОҚМА» АҚ постдокторантурасы туралы ереже		2-ші басылым 10 беттің 6 беті

4.2. Философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор немесе ғылыми дәрежесі (ғылым докторы/кандидаты) дәрежесінің болуы немесе докторантура бағдарламасының толық курсын бітірген тұлға болу. Докторантура бағдарламасының толық курсын бітірген тұлға жобаны іске асыруға шарт жасалған күннен бастап 12 ай ішінде қорғалуға міндетті. Осы талап орындалмаған жағдайда қаржыландыру тоқтатылады және Ұлттық ғылыми кеңестердің шешімі негізінде шарт бұзылады.

4.3. Соңғы 12 ай ішінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға толық және одан да көп ставкаға тартылған ғылыми жетекші немесе зерттеу тобының мүшесі болып табылмауға тиіс.

4.4. Постдокторант мынадай талаптарға сәйкес келетін отандық және/немесе шетелдік ғылыми кеңесшінің басшылығымен ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады:

- қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор ғылыми атағының не ғылым докторы ғылыми дәрежесінің болуы. Шетелде алған дипломдардың баламалылығын тану рәсімінен өту талап етілмейді;
- ғылыми кеңесшінің және (немесе) ғылыми-педагогикалық жұмыстың ғылыми зерттеулер саласы ғылыми жобаның бағытына сәйкес келуге тиіс;
- постдокторант мәртебесін алу үшін үміткер түйіндеме толтырып, докторантура және магистратура секторына ұсынуы қажет.

5. КОНКУРСҚА ӨТІНІМ БЕРУ ПРОЦЕСІ

5.1. Ғалым жобаны гранттық қаржыландыру жөніндегі конкурсқа қатысуға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетіне постдокторанттың және отандық ғылыми кеңесшінің (бар болса) электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған электрондық түрдегі өтінімді Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының ақпараттық жүйесі арқылы мына сілтеме бойынша береді: www.is.neste.kz.

5.2. Гранттық қаржыландыруды жеңіп алған постдокторанттың қызметіне ғылыми жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы жетекшілік етеді.

6. ПОСТДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Постдокторанттардың "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің нормативтік құжаттарында, «ОҚМА» АҚ жарғысы мен ішкі тәртіп Ережелерінде айқындалатын құқықтары мен міндеттері болады.

6.2. Постдокторант ғылыми қызметті гранттық қаржыландыру жобасының күнтізбелік жоспарына сәйкес жүргізуі тиіс.

OŃTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		Е 479-2025
«ОҚМА» АҚ постдокторантурасы туралы ереже		2-ші басылым 10 беттің 7 беті

6.3. Постдокторант қолда бар зертханалық жабдықтарға және "ОҚМА" АҚ кітапханаларының ақпараттық ресурстары мен қорларына қол жеткізе алады.

6.4. Жобаны іске асыру барысында постдокторант жобаны іске асырудың барлық кезеңінде «ОҚМА» АҚ-да кредиттерді аудару және жинақтаудың Еуропалық жүйесі (ECTS) бойынша 3 кредиттің (әр семестрде) оқу жүктемесінің жиынтық көлемімен бір немесе бірнеше пәндерді оқытуы тиіс.

6.5. «ОҚМА» АҚ гранттық қаржыландыру жобасы шеңберінде постдокторанттың жұмыс уақытының есебін жүргізеді. Постдокторант жоба бойынша еңбек шарты шеңберінде толық жұмыспен қамту режимінде жұмыс істеуі тиіс. Жоба бойынша жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағатты құрауы тиіс.

6.6. Постдокторант конкурстық құжаттаманың 7-бөлімінің 1-тармағында көрсетілген жоба нәтижелеріне қол жеткізілмеген жағдайда, ҰҒК шешімі бойынша Ғылым комитеті жариялайтын барлық кейінгі конкурстарға ғылыми жетекші немесе постдокторант ретінде қатысудан нәтижелер қол жеткізілгенге дейін шеттетіледі (нәтижелерге қол жеткізу туралы Ғылым комитеті мен Орталыққа хабарланады), бірақ 3 (үш) жылдан астам емес.

6.7. Постдокторант ғылыми этиканы бұзу (плагиат және жалған бірлескен авторлық, қайталану, бөтен деректерді беру, ғылыми деректерді ойдан шығару және бұрмалау және т.б.) немесе жоба бойынша аралық немесе қорытынды есепті мақұлдамау фактілері анықталған жағдайда – ҰҒК шешімімен Ғылым комитеті жариялайтын барлық келесі конкурстарға қатысудан 3 жылға шеттетіледі.

6.8. Постдокторант жобаны іске асырудан бас тартқан жағдайда ҰҒК шешімімен жобаны іске асыру тоқтатылады, шарт бұзылады, ал жұмсалмаған қаражат Ғылым комитетіне қайтарылады. Жобаның жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізілмеген жағдайда, гранттық қаржыландыру шеңберінде жобаның шарттарына сәйкес шектеулер қолданылады.

7. ПОСТДОКТОРАНТУРА БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

7.1. Постдокторантура бағдарламасын іске асыру шеңберінде ғылыми жобаны іске асыру қорытындылары бойынша постдокторант мынадай ең төменгі нәтижелерге қол жеткізуі тиіс:

7.1.1. Web of Science дерекқорындағы импакт-фактор бойынша алғашқы үш квартильдегі журналдарда кемінде 2 (екі) мақала немесе Scopus дерекқорында Citescore бойынша кемінде 50 процентиль бар;

Немесе:

7.1.2. рецензиялаудан өткен және кемінде екі профессор ғылыми атағының және/немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесінің иегерлері жариялауға ұсынған кемінде 6 б.б. болатын постдокторанттың үлесі бар кемінде 1 (бір) монография;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		Е 479-2025
«ОҚМА» АҚ постдокторантурасы туралы ереже		2-ші басылым 10 беттің 8 беті

7.1.3. ҚР ҒЖБМ ҒЖЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымдарда кемінде 5(бес) мақала және (немесе) шолулар.

7.2. Бір жарияланым тиісті жарияланымда қаржыландыру туралы мәтінде нөмірі бірінші болып көрсетілген жоба бойынша ғана есептеледі.

7.3. Web of Science (соның ішінде – Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index) және Scopus базаларында индекстелетін журналдардағы мақалалар ретінде тек осы базаларда индекстелген (бар) және article (мақала) немесе article in Press (мақала басып шығару). Scopus базасындағы CiteScore бойынша журналдың квартилі мен процентиі журналға мақала берілген күнге немесе мақала жарияланған жылға есепке алынады.

7.4. 7.1-тармақта көрсетілген жарияланымдарда постдокторант хат-хабар үшін автор немесе бірінші автор болуы тиіс. Халықаралық журналдарда барлық қажетті мақалаларды немесе шолуларды жариялау процесінде (әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар мен өнер саласындағы зерттеулерден басқа) постдокторант мақаланың соңғы нұсқасын дайындауға, оны журналға жіберуге және журналдың редакциясымен байланысқа жауапты болуы керек.

7.5. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша күтілетін нәтижелер осы Ереженің 7-бөлімінің талаптарынан төмен болмауға тиіс.

7.6. Жоба барысында және (немесе) аяқталғаннан кейін алынған ғылыми жұмысты, зерттеу нәтижелерін (мақалалар, шолулар, қорғау құжаттары, оның ішінде патенттер, монографиялар, конференциялар, форумдар мен симпозиумдар материалдары, оқу құралдары және т. б.) жариялау кезінде авторлар міндетті түрде жобаның ЖТН және т. б. көрсете отырып, алынған грантқа сілтеме жасауға тиіс. қаржыландыру көзі (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті). *Ағылшын тіліндегі басылымдардағы қаржыландыру туралы мәтін мынадай болуы тиіс: "This research has been/was/is funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Grant no. AP000000000)", мұндағы AR000000000 - жобаның IRN.*

7.7. Өтінім берушінің және (немесе) жоба басшысының келісімін талап етпестен жобаны іске асырған әрбір жыл үшін (баспа және (немесе) электрондық нысанда) ЖТН, мақұлданған жобаның және өтініш берушінің атауын, жоба басшысының тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), өтінімнің аннотациясын, күтілетін нәтижелерді және алынған нәтижелердің аннотациясын (баспа және (немесе) электрондық нысанда) жариялау құқығы, ҰМҒТСО ұсынады.

7.8. Жоба шеңберінде алынған ғылыми зерттеулердің нәтижелері заңнамада белгіленген тәртіппен ҰМҒТСО-да міндетті мемлекеттік есепке алынуға жатады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		Е 479-2025
«ОҚМА» АҚ постдокторантурасы туралы ереже		2-ші басылым 10 беттің 9 беті

7.9. Қол жеткізілген нәтижелерді қоса алғанда, жобалар бойынша барлық есептер лицензиялық жүйеде (платформада) қарызды анықтауда тексерілуі тиіс. Жүргізілген тексеру туралы мәліметтер есептерде көрсетілуі тиіс.

7.10. Қол жеткізілген нәтижелерді қоса алғанда, жобаны іске асыру жөніндегі есептер жобаның күнтізбелік жоспарына сәйкес докторантура және магистратура секторына ұсынылады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		Е 479-2025
«ОҚМА» АҚ постдокторантурасы туралы ереже		2-ші басылым 10 беттің 10 беті

Әзірленген:

Қызметі	Т.А.Ә.
Докторантура және магистратура секторының меңгерушісі	Ходжакулова У.А.

Тексерген:

Қызметі	Т.А.Ә.
Ғылыми жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасының басшысы	Дарибаев Н.М.
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.А.
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.

Келісілген:

Қызметі	Т.А.Ә.
Клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор	Нурмашев Б.К.
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	Анартаева М.У.